Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекет үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудан тұрады (ҚР ҚК-тің 50-бабы, 2-бөлім).

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу деген жаңа қосымша жаза түрі қарастырылды (ҚР ҚК-сі, 51-бап).

Жаңа ҚР ҚК-сінде барлығы 7 негізгі жазалар және 4 қосымша жазалар қарастырылған.

Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК-сі, 65-б.). Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

ҚР ҚК-сінің 68-бабына сәйкес қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес, ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандардан басқа жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен татуласса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Осы баптың ережелері абайсызда адам өліміне не екі және одан да көп адамдардың өліміне әкеп соққан қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Қылмыстық жауаптылықтан босату сұрақтарына байланысты кейбір өзгерістер қылмыстық құқықтық нормаларды өзгертті. Себебі, заң шығарушы 2014 жылы бірінші рет өзіндік негізде қылмыстық жауаптылықтан босатуды процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату және кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату болып табылады.

Елбасының ана және бала құқығын қорғау деген тапсырмасын орындау барысында жаңа үлгідегі ҚР ҚК-не бірінші рет 2 тарау енгізілді: 7-тарау «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар»; 12-тарау «Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар».

Террористік және экстремистік қылмыстармен күресті жетілдіру шеңберінде жаңа Қылмыстық кодекске террористік немесе экстремистік даярлықтан өткені үшін қылмыстық жауаптылық жеке қылмыс құрамы ретінде енгізілді (ҚР ҚК-сі, 260-бап).

ҚР ҚК-сінде бірінші рет адамды клондау үшін қылмыстық жауаптылық денсаулыққа қарсы қылмыстар қатарына 129-бап болып енгізілді.

Елбасының тапсырмасын орындау барысында жаңа үлгідегі ҚК-сін сепаратистік әрекет үшін қылмыстық жауаптылық көзделген жаңа нормамен толықтырылды (ҚР ҚК-сі, 180-бап).

ӘҚБК-нен ұсақ-түйек жымқыру үшін жауаптылық белгіленген нормасы ауыстырылды (ҚК-сі, 187-бабы), яғни болмашы мөлшерде жасалған, бөтеннің мүлкін ұрлау, алаяқтық, иеленіп алу немесе талан-таражға салу (ұйымға тиесілі мүліктің 10 АЕК аспайтын, жеке тұлғаға тиесілі мүліктің 2 АЕК аспайтын құны).

Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу және қоғамдық орындарда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды медициналық емес тұтыну деген жеке норма енгізілді (ҚР ҚК, 296-б). Бұл норма 4 бөліктен тұрады және 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жол көлік оқиғасының күрт өсуіне байланысты, әсіресе алкогольдік масаң күйде болғандарына қатысты көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын осындай адамның басқаруына беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол бергені үшін қылмыстық жауаптылық көзделген (ҚР ҚК 346-бап). Бұл норма 5 бөліктен тұрады және кінәнің екі нысанымен жасалынатын қылмыстар қатарына жатады.

Басқаруға құқығы жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруына жол бергені үшін жауаптылық көзделген ҚР ҚК-не жаңа бап енгізілді. Бұның субъектісі болып лауазымды адамның не көлік құралы меншік иесінің немесе иеленушісінің көлік құралдарын басқаруға құқығы немесе тиісті санаттағы көлік құралдарын басқаруға құқығы жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруына жол беруі, егер бұл іс-әрекет абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа, ауыр зиян келтіруге әкеп соқса, абайсызда адам өліміне, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өлімін әкеп соққан әрекеттер.

Енді ҚР ҚК-сі 366-бабының 1-бөлімінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның, не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекетті лауазымды атқаратын адамның, не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы сияқты субъектілер қарастырылған. 1997 жылғы ҚК-сінде көрсетілген субъектілер сараланған және ерекше сараланған құрамдарда көрсетілген болатын.

Параға қатысты баптардың санкцияларында (ҚК-тің 366, 367, 368-бб.) айыппұл мөлшері өзгерді. АЕК орнына мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жалпы алғанда Жаңа Қылмыстық кодексті қабылдау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамды қоғамға қауіпті іс-әрекеттерден сапалы түрде қорғауға қамтамасыз етеді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены новеллы уголовного законодательства Республики Казахстан 2014 г.

RESUME

Attention is in process accented on some short stories of new criminal statute 2014.

ӘОЖ 343.97

М. А. Нұрахметова, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция майоры

ҚАСАҚАНА КҮШПЕН ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ СЕБЕБІ МЕН ЖАҒДАЙЫ

Аннотация. Аталған мақалада автор заң әдебиеттеріне талдау жасау негізінде күшпен-пайдакүнемдік қылмыстарды жасауға жағдай тудызатын себептермен шарттарын анықтады.

Түйін сөздер: қылмысты жасау себеп-салдары, қасақана күшпен жасалған қылмыстар, тонау, қарақшылық.

Криминология бойынша қиын және шешілмейтін мәселелердің бірі — қылмыстың жасалу себеп-салдары.

Себеп-салдар — бұл заттардың және құбылыстың байланысы, қылмыстың жасалуы, басқаша айтқанда «генетикалық», яғни қандай да болған құбылыстың дерегін, үрдісті анықтайтын жағдай.

Себеп-салдар іс-әрекетті жасалғаннан кейінгі нәтижесінен туындайды. Іс-әрекет үшін қандай да бір жағдай болуы қажет, бірақ та осы жағдайлар өзімен-өзі нәтижесін туындауға қабілетті емес, тек олар қылмыстың шын мәнінде жасалуына көмек көрсетеді¹.

Профессор М. Д. Шаргородскийдың пікірі бойынша «қылмыстың себеп-салдары деп барлық себепсіз туындаған жағдайларды есептеуге болады. Бірақ та бұл барлық жағдайлардың барлығы белсенділікті көрсетпейді. Қылмыстың себеп-салдары деп белсенді күш өзінің іс-әрекетімен оны жүзеге асырады. Нақты қылмыстың себебі — бұл белсенді күш, яғни субъектінің іс-әрекетінде қызығушылық және жағдайын жасауға шамданады»².

Алдағы жылдары Қазақстан Республикасында қылмыстық жағдайды болашақ динамикасын анықтау кезінде, оның ұзақ мерзімді іс-қимыл мақсаты, негізінен әлеуметтік-экономикалық факторлардың бірқатар әсері ескерілуі тиіс болатын. Сондықтан қылмысқа қарсы күресте қоғам мен мемлекет алдында тұрған ең өзекті міндеттердің бірі — қылмыс, соның ішінде күшпен және қасақана жасалған қылмыстардың себептері мен жағдайларын белгілеу болып табылады.

Себеп-салдар байланыстың ерекше әрекеті, ол қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және инабаттылық өмірге байланысты қасақана, күшпен қылмыс жасалады. Мемлекетте дағдарыс сол себептен жұмыссыздықтан криминалдық жағдайды өршітіп және осы қылмыстардың түрін жандандырады.

Жалпы қылмыстардың құрылымындағы бір бүтіні қасақана қылмыс жасау болып есептелгендіктен, себеп-салдар және жағдайы оны жандандыруға көмек көрсетеді. Бұндай қылмыстарға тонау және қарақшылық қылмыстарын жатқызуға болады.

Экономикадағы нарықтық қарым-қатынасқа байланысты тонау және қарақшылық қылмыстарының өсуіне деректердің бірі болып отыр.

В. В. Лунеевтың пікіріне келіспеуге болмайды, өйткені «жалғыз нарықтық қарым-қатынастағы экономикаға байланысты емес, сондай-ақ жаңа демократиялық формаларын құрмай ескі әлеуметтік және құқықтық бақылау құрып жаңа иесін отырғызу, заңсыз және қылмыстық әдісімен оның жетілмеген жүзеге асыру болып табылады», — деп түсіндіреді³.

Сонымен нарықтық қарым-қатынастағы экономика және қасақана күшпен жасалған қылмыстарды, сондай-ақ тонау және қарақшылық қылмыстарын зерттеу кезінде себепті байланысын айқын екенін куәландырады.

Біздің ойымыз бойынша қылмыстың өсуі ол мемлекеттегі экономикалық жағдайға байланысты және халықтың жұмыссыздығы, жасы кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз жүруіне байланысты қылмыстың жасалуына әкеп соғады.

Қасақана күшпен жасалған қылмыстардың мәселесіне жұмыссыздық, өмір сүру жағдайының төмендеуі және т.б. себептер болып табылады.

Тағы да деректердің бірі болып қоғамдағы тұрақтылықтың болмауы және көшіп-қонушылар қылмыстың жасалуына жағдай жасайды.

Осы жағдай бойынша зерттеу барысында босқындар мен амалсыздан көшіп-қонуға жататын адамдар, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың күш көрсетіп жасаған (тонау және қарақшылық) қылмыстары ашылған қылмыстардың ішіндегі қылмыстардың өсімін көрсетеді.

Қасақана күшпен топтасып қылмыстарды қайталап жасаған адамдарда, қоғамда әрқашан қылмыс жасауға себептер мен жағдайлардың болуын куәландырады, өйткені бұрын сотталғандар қылмыс жасау әлеміне оралу үшін жасайды. Ал оларға ықпал ету шараларын қолдану үшін тек қайталап жасағаны үшін ғана емес, сонымен қатар қылмыстың ұйымдастырылуына қарайды.

Соттық-тергеулік тәжірибеде саралау кезінде соңғы жылдары тонау және қарақшылық қылмыстарын көбінесе жасы кәмелетке толмаған адамдардың жасайтындығын көрсетеді.

Жасөспірімдер және жастар арасындағы қылмыстардың бірінші кезекте отбасы-тұрмыстық жағдайы бойынша нашар тұратын жанұяларда (материалдық құндылықтың жетіспеуі, толық емес отбасы, нашар тұратын жанұялар) жасалатындығы бізге мәлім.

Отбасы мәртебесіндегі қылмыскерлерді зерттеу кезінде отбасы-тұрмыстық жағдайы бойынша нашар тұратын жанұяларда, тұрмыс жағдайы санитарлық-гигиеналық ережелерге сәйкес келмейтін жағдайда өмір сүргені анықталды.

Қарақшылық және тонау қылмыстарын жасаған кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстарын зерделеу кезінде көбінесе толық емес жанұяда, яғни әжесі немесе шешесінің жалғыз өсіргені анықталды. Аналардың белгілі бір бөлігі отбасын қамтамасыз ету үшін жұмыс істегендіктен, балалардың көбісі бақылаусыз қалады, сол себептен жағымсыз жағдайларға әкеп соғады. Осындай отбасындағы жасөспірімдер арасында күш көрсету арқылы тонау қылмыстары жасалады. Сонымен қатар жасөспірімдер арасында қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасамау үшін алдын алу жұмыстары жүргізілмейді.

Ұрлық, тонау, қарақшылық қылмыстарының жасалу мәселесі, ол криминогендік жағдайға байланысты алкогольдік ішімдіктер және есірткі заттарын қолдануы. Соттық-тергеу тәжірибесінде зерделеу кезінде қылмыстың өсуіне әкеп соғатын деректердің бірі, алкогольдік ішімдіктермен және есірткі заттарын қолдану арқылы қарумен күш көрсетіп қылмыс жасалатындығы болып анықталды.

Сонымен қатар, тек халықтың маскүнемдігі, нашақорлығы себеп болып саналмайды, қылмыс жасайтын адамның қоршаған ортасы да әсер етеді.

Бізбен жасалған зерттеуде, қару қолдану арқылы қарақшылық қылмысын жасалатыны куәландырылды. Сол себептен қарумен шабуыл жасап, соның ішінде қарақшылық қылмысының өсуіне назар аударып, себепті байланысын анықтауымыз қажет.

Соттық-тергеу тәжірибесі зерделеу кезінде, қарақшылық қылмысын жасауға оқталған адам алдын ала қаруды, іздеп иемденіп алады, басқалары заңсыз қаруды жасайтындығын көрсетеді.

Тонау және қарақшылық қылмыстарын виктимологиялық алдын алудағы жетіспеушілік деп айтуға болады. Тонау мен қарақшылықтың ерекшелігі біздің көзқарасымыз бойынша ерекше болғандықтан, азаматтардың мінез-құлқын жеңу қиын. Қазақстанда виктимологиялық бағдарлама тәжірибеде қолданылмайды. Ол көбінесе шет мемлекеттерінде «қырағы көршілер», «көршілердің көмегі» түрінде қолданылады.

Сонымен, қылмыстың кешенді себебі мен жағдайында тонау және қарақшылықпен шабуыл жасалатын негізгі бөлімдері: мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыс (нашар өмір сүруі, жұмыссыздық, мемлекеттегі демографиялық жағдай); көші-қон саясатының болмауы, көші-қон заңының жетілмегені, маскүнемдік және нашақорлық мәселелері, қарудың заңсыз айналымы, қарудың қолдануына құқықтық заңның жоқтығы, жасөспірімдер мен жастардың қылмысты алдын алудағы бірыңғай заңның жоқтығы; құқық қорғау органдарындағы ресурстар (қаржылық, техникалық, кадрлық) тонау, қарақшылық қылмыстарын алдын алудағы арнайы кешенді шаралар енгізілмеуі. Виктимологиялық қылмыстың алдын алу мәселелері қарастырылмаған.

¹ Криминология: Учебн. для вузов / Под ред. д-ра.юрид.наук, профессора А. И. Долговой. — М., 2007.

² Шаргородский М. Д. Преступность, ее причины и условия в социалистическом обществе // Преступность и ее предупреждение. — Л., 1966. — С. 30.

³ Лунеев В. В. Преступность 20 века. Мировые, региональные и российские тенденции. — М., 1999.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе изучения юридической литературы рассмотрены причины и условия корыстно-насильственных преступлений.

RESUME

Based on the analysis of legal literature, the author identified the reasons and conditions that contribute to the commission of crimes related to illicit trafficking in narcotic drugs or psychotropic substances.

Н. С. Сембиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны

Есірткі, психотропты заттардың, сол тектестердің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу себептері мен шарттары

Аннотация. Мақалада қазіргі заманда есірткі, психотроптық заттардың және сол тектестердің заңсыз айналымын, есірткінің таралуында табиғи қақтығыстарды және сонымен байланысты жағымсыз әсерлерді, криминологиялық тұрғыдан зерттеулері қарастырылады.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, есірткі, себеп, заңсыз айналым.

Себеп, бұл — заттар мен құбылыстардың байланысының бірі. Басқаша айтқанда, «генетикалық», яғни қандай да бір құбылыстың, әрекеттің пайда болу фактісін анықтайды.

Себеп құбылысты тудырады, салдарын туындатады. Құбылыс үшін себептің шарты керек, бірақ шарт өздігінен салдарды тудырмайды, олар тек қылмыстың болуы мүмкін шартын жасайды.

Профессор М. Д. Шаргородскийдің пікірі бойынша «қылмыстылықтың себебін, оның пайда болуына және өмір сүруіне керек жағдайын айтады. Белгілі бір қылмыстың себебі — бұл субъектіде қылмыс жасауға қызығушылығы мен ниетін тудыратын белсенді күштер».

Есірткі, психотроптық заттарды заңсыз айналымының себебін зерттеуге келетін болсақ, объект пен субъект арасындағы байланыстың әдістемелік түсінігінен қарастырамыз. Олар екі жақтың бір-бірін толтыратын екібіріктілігімен сипатталады.

Адам әрекетінде сыртқы факторлардың әсері бірден байқалмайды, ол бірте-бірте және бағыттталып қадағаланады, өзін-өзі басқару жүйесі заңға сәйкес өзгереді, ішкі әсермен араласады.

Өзара іс-қимылдың, сонымен қоса себептің екі түрін атап өтуге болады: а) ішкі мен сыртқы факторлардың араласуы (объективті фактордың субъективті фактормен, орта мен тұлғаның); б) элементтердің ішкі араласуы, өзара іс-қимыл факторының әрқайсысының ішіндегі үрдісі.

Есірткі айналымы жекеленген заңсыз айналымның жағдайын, жеке қылмыстың себебін қарапайым статистикалық жалпылаудан гөрі қиынға соғады. Осындай танымдық тәсілдерді қолданудың ғылыми негізділігі типтік детерминация желілерін, сонымен қоса жеке қылмыс түрлерінің, осы түрдегі қылмыстың, әртүрлі аумақтағы қылмыстың және т. б. себептерін зертеуге жиі қолдануда.

Жай статистикалық жалпылаудан заңсыз есірткі айналымының себептері жалпы және кешенді сипатын анықтау, жеке қылмыстың жалпы шолу жасау. Аталмыш танымдық тәсілдерді қолданудың ғылыми ерекшеліктері, соның ішінде типтік жеке детерминант, сонымен қоса басқа қылмыстардың, жеке қылмыстардың, жекеленген аудандардағы қылмыстардың және т. б. себептері айтарлықтай орын алуда.

Қазіргі заманда есірткі, психотроптық заттардың және сол тектестердің заңсыз айналымын тек қана тіркеу жеткіліксіз. Әлеуметтік құбылыстарды, қоғамның қалыпты өмір сүруіне қарсы келетін және есірткінің таралуына жағдай жасайтын табиғи қақтығыстарды және сонымен байланысты жағымсыз әсерлерді терең зерттеу қылмыспен күресуге үлкен көмек көрсетеді.

Бірақ, есірткінің таралу себебі мен жағдайын білмей, онымен тиімді түрде күресу мүмкін емес. Қоғамның есірткі заттарына құмартуын, жеке тұлғалардың заңсыз айналымға қатысын және еліміздегі есірткі жағдайы қылмыспен күресуге көптеген қиындықтар тудырады, осыған байланысты тек құқық қорғау органдарының күші ғана жетеді деген қате түсінік.

Қазақстанға есірткінің қаншалықты қауіпті екенін қоғам әлі толық түсінген жоқ. Оны тіпті тәрбие жұмыстарымен айналысатын, бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін,

басқару органдарында жұмыс істейтін адамдардың өзі толық сезінген емес. Оларды қазіргі қиын заманда өздеріне қосымша жүк алуды қаламаушылық сезімі басым. Алайда, осының бәрі қазіргі және болашақ ұрпаққа қауіп төндіруде.

Есірткі заттарының заңсыз айналымының себебінің түп негізі әлеуметтік сипат және әлеуметтік жүйеге әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардан тұрады. Сондықтан криминологиялық тұрғыда қылмыстың, соның ішінде есірткі қылмыстарының пайда болуына, алғы шарты болатын, жүзеге асуына, өзгеруіне септігін тигізетін құбылыстар мен іс-әрекеттерді анықтау маңызды рөл атқарады.

Қылмыстың себебі — бұл әрдайым экономикалық, әлеуметтік, психологиялық құбылыстар мен әрекеттер болады. Ол өзінің біріктірілген детерминантында өз қорытындысы ретінде барлық қылмысқа тән. Соның ішінде, есірткімен байланысты қылмыстарға тән әлеуметтік тұрғыда өзіндік себептер бар. Жеке (топтық) деңгейде жалпымен қоса, жеке де себептер орын алады. Қорыта келе, барлық есеңгіртетін заттарды қолданар алдында саналы түрде болсын, болмасын өзінің қайғысын, қорқынышын ұмыту (дем алу) болады, шынайы өмірден немесе тұлғалар мен қоғам арасындағы жан-жалдардан қашып кету (кетіп қалу) мақсатында қолданады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде есірткіні тудыратын және таралуына себеп болатын үш жағдайды атап өтуге болады, олар: әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастырушы-басқарушылық және мәдени-тәрбиелік.

Біздің ойымызша, әлеуметтік-психологиялық жағдайға жастардың ойына және санасына ұзақ уақыт бойы әсер етіп келе жатқаны жағымсыз қоғамның психологиялық құбылысы. Біз жоғарыда атап өткендей, есірткі – негізінен жастардың мәселесі. Көп жылдар бойы социализмның догматикалық концепциясы жастардың этикалық-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына кері әсерін тигізіп келді. Жалпы ортақ өтірік, екіжүзділік пен конформизм әсерінен жастардың жақсылыққа сенімі азайып, оларды адамгершіліктен жұрдай етеді. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың жұмысы толығымен формальды болып кетті. Әлеуметтік-психологиялық жағдай әлеуметтік негізде, әлеуметтік қатігездікте, теңсіздікте, заңсыздықта және тәртіпсіздікте туындаған. Адамдар осындай жағдайларға жолығып, әділеттілікке және жоғарыда айтылатын сөздерге, мінбеден айтылатын ұрандарға, лозунгтерге және бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттарға сенуден қалды.

Сенімсіздік көптеген философиялық тұтынушылықты, рухани дүниенің болмауын, немқұрайлықты, бөлектенуді, «тәтті өмірдің» артынан қуу, қылмыстылықтың көбеюіне және басқа да жағымсыз жағдайларға әкеп соғатын толық бір бағдарламаны дүниеге әкелді. Осы жағдайда ең әлсіз болып жастар мен жасөспірімдер танылады. Олар тым ерте жастарынан бастап, шынайы өмір мен олардың бала өмірлерінің айырмашылығын көрді, оларды қоршаған орта өтірік пен жалғандыққа: ата-аналар, мұғалімдер, бұқаралық ақпарат құралдары бір нәрсені айтып және жазып, ал өмірде бәрі басқаша екенін; қоғам тыйымдарға толы, бірақ жағымды идеалдарға кедей. Бұл скептицизм, руханиаттың болмауын, жайбасарлыққа, бәрлық нәрсені ұмытып, есірткі мен спирттік ішімдіктерден «рахатты», «жағымды сезімді» сезінуге деген ұмтылысты тудырады.

Жастар мен жасөспірімдердің арасында есірткі заттардың таралуында маңызды рольді мода, еліктеу (темекіге, киімге, биге, «жындарға»), аз таралған діндерге (кришнаизм) және басқа да есірткі заттарды қолданудан пайда болатын таңғажайыпқа еліктеулер), ортадан қалмау орын алады.

Есірткі заттарынан физикалық және психикалық тәуелділікке ұшырап, өзінің барлық жиған тергенін ысырап еткен адамдар жиі қылмысқа барады, кейде есірткіні тарату бизнесмендер арқылы жүзеге асырылады. Біздің зерттеулеріміздің қорытындысы бойынша есірткіні қолданатындардың 80 %-ы көптеген қылмыстар жасаған. Әдетте, зорлық пайдакүнемдікпен елімізге есірткіні кіргізу және тарату мақсатында.

Есірткінің таралуының себебі мен шарты есірткі, психотропты заттардың заңсыз дайындалуына, сатып алуына, сақтауына, тасымалдауына, біреуге беруіне, өткізуге, ұрлап алуға және қолдануға жағдай жасайтын криминогендік факторлар болып табылады. Есірткі

заттар мен психотропты заттардың таралу себебін ескере отырып, оларды жүзеге асыру барысында қауіпсіз пайда табу, сонымен қоса, есірткі бизнесі заңды бизнестің барлық саласы ретінде қызмет ететінін айта кеткен жөн. Ерекшелігі — осы жердегі нақты күрес, физикалық зорлық, өлім, бұрын соңды болмаған қаталдықпен қатар жүретінін де атап көрсетуге болады. Үлкен қаражатқа, оңтайлы жағдайға ие бола отырып, пайда адамгершілік қасиеттен жоғары тұрғанда, пайда барлық қылмыстардан, сонымен қоса мафиямен бірігуден түсіп отырған кезде есірткі заттарын сатушылар оларға керекті барлық адамдарды, соның ішінде құқық қорғау органдары мен билік органдарындағы адамдарды сыбайлас жемқорлыққа иландыруы мүмкін.

Сонымен қоса, есірткі, психотропты заттардың, сол тектестердің таралуына септігін тигізетін жағдайларға мыналарды жатқызуға болады:

- халықаралық қатынастардың кеңейюі;
- мемлекеттің, құқық қорғау органдарының, қоғамдық бірлестіктерінің ұйымдастырушылық-құрылымдық негіздерінің есірткі заттар мен психотропты заттардың, сол тектестердің таралуына қарсы күресуге сәйкес келмеуі;
- есірткі мафиялары, "қара базар" немесе басқа жолдар арқылы есірткі заттарын заңсыз шығару мен кіргізу, сондай-ақ заңсыз өткізу мүмкіндігі;
- есірткі заттарының тасымалдауымен байланысты жасалған құқық бұзушылықтарға жауаптылық көзделген заңнамадағы айтарлықтай қателіктер мен мәселелер;
- морфий және героин секілді заттардың 60 %-ның шикізаты болатын, есірткі заттарының шикізат қоры болып табылатын жабайы табиғатта өсетін конопля, опий мактарын жоюға міндеттелген уәкілетті органдардың өз құзіретін тиісті түрде атқармауы;
- есірткі заттарын өндіретін елдердегі оларға деген бағаның төмендігі, есірткіні сатып алушы елдердегі баға санының жоғары болуы, ал оны өңдеуші елде пайданың аз болуымен сипатталады. Осындай жағдай бұрын соңды бұл бизнес түрімен айналыспайтын адамдардың заңсыз есірткі айналымының операциясына кіруіне септігін тигізеді;
- кадр аппараттарының өз жұмыстарын жеткілікті дәрежеде атқармауы қызмет бабы бойынша шет мемлекетке бірнеше рет өткен, шекара бекеттері арқылы өтетін жүк көліктеріне; ол жерде есірткі заттардың шығу табиғатын зерттей алатын жедел медициналық сарапшының жоқтығының салдарынан кінәлі адамдарды дер кезінде жауапқа тарту мүмкін емес және есірткі заттарымен байланысты қылмыстар үшін жауаптылықтың жоқтығын тудырады; құқық қорғау органдарының есірткі заттары мен соған байланысты қылмыстарды алдын алуда, ашуда, жолын кесудегі атқарылатын жұмыстардың толыққанды дәрежеде жүзеге аспауы есірткінің таралуына жағдай жасайтын ортаны тудырады;
- шекаралық бекеттен өтетін есірткі заттардың тасымалдауын жедел түрде анықтау жауапты тұғалардың арнайы дайындық деңгейінің және арнайы материалдық-техникалық құралдардың жеткіліксіздігінен қиынға соғу;
- халықтың осы заттардың денсаулыққа қаншалықты зиян келтіретінін және сол қылмыстарға жауаптылық көзделгені туралы жеткілікті дәрежеде ақпараттанбауы;
- есірткінің таралу мәселесіне байланысты арнайы және жалпы кітаптардың, әлеуметтік зерттеулер қорытындысы, эмпирикалық мағлұматтардың терең анализінің жетіспеуі;
- есірткі мен психотропты заттардың, сол тектестердің таралуының мәселесі бойынша ақпараттардың терең анализін қарап отырып, есірткі қолданушылардың жанындағы адамдардың оларға әсерінің әлсіздігін, есірткі заттармен байланысты тіркеулерде қылмыстың өлімге әкеп соқтыруы жиі кездесетінін, есірткімен байланыс халық арасындағы есірткі қолданушылардың көбеюіне әкеп соқтыратынын байқауға болады.

Бұл әрекеттердің қоғамға қауіптілігі олардың, зиян келтірумен немесе көптеген адамдардың денсаулығына және қоғамның өнегелі бастауларына зиян келтіру қаупін төндірумен сипатталады.

Бірақ, бұл жерде үлкен жұмыс тұр: әлеуметтік алдын алу шарасын айтарлықтай түрде жақсарту, жауаптылықтың міндетті түрде болатынын көрсету, мемлекет ішілік нормативтік қорды ғана емес, сонымен қоса, халықаралық нормативтік қордыда жетілдіру қажет.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается криминологическая оценка причин наркотизации населения, личности участника незаконного оборота наркотиков и наркотической ситуации в стране, трудности, стоящие на пути преодоления наркотизма.

RESUME

Based on the analysis of legal literature, the author identified the reasons and conditions that contribute to the commission of crimes related to illicit trafficking in narcotic drugs or psychotropic substances.

ӘОЖ 342.5

Е. Е. Серімов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының әкімшілік құқық және ІІО-ның әкімшілік қызметі кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі

ІІО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МОРАЛЬДЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Аннотация. Моральдың ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтермен тікелей байланысып жатқан кәсіптік мораль түрі екендігі. Кәсіптік мораль әлеуметтік басқарудың өте маңызды міндеттерін орындайды. Ол кәсіби қызметте жалпы моральдық қағидат талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, қызметкерге өзінің кәсіптік міндеттерін табысты атқаруға, өзінің қызметіндегі түрлі жағдайларда дұрыс бағыт алуға көмектеседі. Осының барлығы кәсіптік моральдың маңызын көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге белгілі бір жағдайлардағы кәсіптік мораль нормаларын жүйелеп жинақтау (кодификациялау) қажеттілігін айқындайды.

Түйін сөздер: ішкі істер органдары, қызметкер, мораль, кәсіби мораль, қызметтік жауаптылықтар, әкімшілік жауаптылық, қылмыстық жауаптылық, тәртіптік жауаптылық, азаматтық жауаптылық, т. б.

Әлсізге — медет, күштіге — айбат, зарыққанға — жебеу, торыққанға — медеу болатын ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызмет бабындағы жауаптылықтары бір басқа жетерліктей. Оларға қатысты заңнамада қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, азаматтық жауаптылықтар түрлері қарастырылған. Бұлар қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтың басқа да түрлерімен деңгейлес тұр десек, қателеспес едік. Жүн-жұрқаны жібек демей әділін айтар болсақ, солардың ішінде орны алабөтен ерекшесі, сүбесі сере шығатыны — моральдық жауаптылық.

Қоғамның дамуы мен жасампаздығына түрткі болар мүмкіндігі мол «моральдың» қазақша баламасы шартты түрде «ізгілік» делініп жүр. Мораль — адам мен қоғамның өзара байланысын айқындайды. Әйтсе де, ол жөніндегі түсінікті қалыпқа салсақ, біріншіден, мораль — көпшілік мойындап, қабылдап, қолдайтын тәртіптік норма; екіншіден — адамды сана-сезімі арқылы белгілі бір әрекетке барғызатын қозғаушы күш. Мораль ізгілік нормалары мен қағидаттардан, әрекеттер мен қатынастардан туындайды. Оның мазмұны мен өлшемі — қоғамдық өмір шарттарымен айқындалатын әлеуметтік шындық. Мораль мәселелері әдеп (этика) түсінігімен тонның ішкі бауындай етене қабысып жатыр. Сондықтан мораль туралы сөз еткенде әдепке соқпай кетуге әсте болмайды. Пәлсафаласақ, әдеп (этика) — қоғамның ізгіліктік санасының өзі емес, моральдың пайда болуы, мәні, даму заңдылықтары және қоғамдық функциялары туралы ілім болса, әдеп категориялары ізгілік ұғымдарына ғылыми түсінік береді. Әдеп моральдық ұстанымдар мен қағидаттарды жетілдіріп, адамды тәрбиелеуге жәрдем етеді. Бірақ, әдептің мақсаты моральды насихаттау емес әрі моральдық талаптарды түсіндірумен шектелмейді, оған ғылыми-теориялық негіз ретінде қызмет ету ғана. Осыдан келіп, моральдың қызметтермен тікелей байланысып жатқан кәсіптік мораль түрі бар екенін атап өткен ләзім. Кәсіптік мораль әлеуметтік басқарудың өте маңызды

міндеттерін орындайды. Ол кәсіби қызметте жалпы моральдық қағидат (принцип) талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, адамға өзінің кәсіптік міндеттерін табысты атқаруға, өзінің қызметіндегі түрлі жағдайларда дұрыс бағыт алуға көмектеседі. Осының барлығы кәсіптік моральдың маңызын көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге белгілі бір жағдайлардағы кәсіптік мораль нормаларын жүйелеп жинақтау (кодификациялау) қажеттілігін айқындайды.

Заңдық әдебиеттерде полиция қызметкерлерінің моральдық және саяси жауаптылығын арқау еткен талдау материалдары жеткілікті десек те, олардың көптеу үлесі өткен күннің еншісінде қалып отыр. Бүгінгі күні үнемі реформалану, өзгеріске түсу, толықтырылу үстіндегі күшті органдардың осы қырларын ізіне түсіп арнайы қаузап жазып жатқандар жоқтың қасы. Болса да, ол заңнама ережелерінің белгілі бір тұстарының талдауға түсуінде ғана аз-кем сөз етіліп қалады. Әсілінде, кеңестік ұстанымдардан біртіндеп жылыстап, алыстай бастаған, заң ережелерінің тәуелсіз елдің нақышында қайта қалыпқа түскен кезінде бұл секілді күрмеуі қалың күрделі тақырыптың арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырылмай келетіні өкінішті-ақ. Тек сот этикасы қарастырған ол мәселелер турасында заң ғылымында жазылған бірді-екілі ғана монография бар¹. Қызметке қажет моральдық жауаптылықтың, тіпті тарихи, теориялық, тәжірибелік тұрғыда қалыпқа түспей жатқан тұсы мол. «Қай жердің отын оттасаң, сол жердің суын ішесің» демекші, ішкі істер органдарында қызмет атқарып жүрген біздікі ұлттық заң ғылымындағы кемшін қалған осы олқы тұстарды бүтіндеуге ұмтылыс қана.

Тақырыпты тарқатар болсақ, кейбір ғалымдар қызметкерлердің құқықтық мәртебесіне заңдық (қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік деп біліңіз) жауаптылыққа белгілі бір көлемде саяси жауаптылықтың да кірігіп кететінін ескертіп өтеді. Зерттеушілер моральдық жауаптылықты «адамның қоғамдық талап пен моральдық нормаларды саналы, шынайы түрде орындауы» дей келе, оның екі түрін ортадан ойып алып бөліп айтады: „1) жасалған іс-әрекеттер мен теріс қылықтардың объективтік сипатынан туындайтын жауаптылық; 2) адамның барынша оң шешім таңдай алу еркінен туындайтын және саналы түрде теріс қылық жасау жауаптылығы“².

Моральдық жауаптылықтың кей түрі қызметкердің өз пікірінің көпшілік алдында талқыға салынғанынан көрінеді. Моральдық жауаптылыққа заңсыз мәжбүрлеу шаралары арқылы ықпал ететін негативті (келеңсіз) түрлері тән. Жауаптылықтың бұл түрі полиция қызметкерінің әрекетінде белгілі бір ықпал ету шараларын қолдану қажеттілігімен сипатталады. Моральдық жауаптылықтың позитивтілігі, ұтымдылығы — саналы түрде моральдық парызын білу, өзіне қатысты талаптардың бәрін берік ұстанудан көрінеді. Кеудесін отқа тосқан тараздық жас өрен Байтасовтың әрекетінде осы жауаптылық ап-айқын байқалады.

Заңдық жауаптылық түрлерінен моральдық жауаптылықтың өзгешелігі моральдық ықпал ету шараларының заңдық жауаптылыққа сәйкес келетінінен байқалады. Мәселен, қылмыстық жазаны айтпағанда, тәртіптік жаза немесе әкімшілік жаза тағайындау кезінде моральдық жауаптылықтың қылаң беретін мәнділігіне күмән тумайды. Моральдық жауаптылықтың тиімділігі де, ұтымдылығы да адамның өзінің жүріс-тұрысына есеп бере алатындығында, әрқилы ескертулер мен нұсқаулардан туындайтын өзінің әрекетін объективті түрде бағалай алуында жатыр. Заңдық жауаптылық түрлерін қолдануға қарағанда, моральдық тұрғыдан айыптаудың ықпалы орасан зор болып келетіні өзді-өзінен аян ғой.

Моральдық жауаптылық адамдар мен ұжымдар алдына қойылатын моральдық қағидат норма түрінде жинақталады, қоғамның объективті талаптарынан туындайды. Психологиялық тұрғыдан алғанда, жауаптылық — сананың белгілі бір қалпы (жауаптылықты саналы түрде сезіну, парыз, ар-ұят, т. б.) секілді әлеуметтік аспектісінің кеңдігін айрықша атап өткіміз келеді. Моральдық жауаптылықтың субъективтік жағы қай кезде де әлеуметтік қажеттілікте көрінетін моральдық жүйелерді ерікті, саналы түрде таңдаумен байланысты. Сөз жоқ, жауаптылық өлшемі адамның қоғамдық ортадағы жүріс-тұрысының мәнділігіне, оның мәртебесіне, белгілі бір әлеуметтік рөл атқаруына тәуелді. Ішкі істер органдарында

моральдық жауаптылықтың орны айрықша және мемлекеттік-қызметтік қатынастарды реттеудегі ықпалы өте-мөте жоғары деп білеміз. Осындай орайдан алғанда, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 мамыр № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызмет этикасы ережелері бар екенін еске саламыз³. Онда Ішкі істер органдарының қызметкерлері өзінің күн сайынғы қызметтік жұмысында өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайту, мемлекеттік биліктің беделін түсіруге ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмау, сынағаны үшін қудалауға жол бермеу, оң сын-ескертпелерді, кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға, адал, әділ, қарапайым да сыпайы болып, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау жайлары сөз болады.

Полиция қызметкері өз міндеттерін атқару барысында өз іс-әрекеттерін моральдық және адамгершілік нормаларының талаптарына бағындырып, мемлекеттің де, мемлекеттік қызметтің де беделін көтере түсіп нығайтуда төзімді, әдепті болуға тиіс. Моральдық жауаптылықтың мәні полиция қызметкерінің азаматтар мен басқа да әріптестерімен қарым-қатынас жасағанда өз әрекетінің тиімділігін, өзінің кәсіби біліктілігін, мәдениетін көрсетуімен өлшенеді.

Полиция қызметкерлерінің заңдық жауаптылығының сипаты туралы сөз қозғағанда, мемлекеттік қызметтегі еңбек тәртібін нығайтып, бекітіп, жетілдіре түсу үшін нақты лауазымдық құқық бұзушылықты анықтау қажетті болады. Осының негізіне қызметтік міндеттер мен жауаптылық көлемінің арасында (міндетін атқаруда бұзушылық жасауына қарай жаза қолдану) болатын тікелей байланыс қағидатын лауазымдық нұсқауларда бекітуді ұсынамыз. Мұндай өзара тәуелділікті заңдық тұрғыда бекіту полиция қызметкерлерінің жауаптылығы туралы мәселені шешуге негіз болады. Сонда ғана кім не үшін тікелей жауапты деген мәселе нақты анықталады. Оның үстіне кейбір құқық бұзушылықтар келеңсіз салдарға тікелей ұрындырмайды, алайда, қайта қайталауынан полиция әрекеттерінің тиімділігін төмендетуге әсерін тигізуі мүмкін. Қызметкердің теріс қылығын жеке алып бағаламай, оның жұмысының нәтижелерін жинақтап, осы жинақтаудың сипатына қарай шешім қабылданса, нұр үсітіне нұр болар еді. Осылайша, біздің пікірімізше, бүгінгі таңдағы тиімділігі мен өзектілігі — жауаптылықтың негізіне кей жағдайларды нақты бір теріс қылық, кей жағдайда біртектес құқық бұзушылық жиынтығы көрінсе дейміз.

Қорытындылай келе, полиция қызметкерлерінің жауаптылықтарының аумақ-шегін анықтағанда, заңдық жауаптылықтың сипатын, айқындылығын, нақтылық дәрежесін, сондай-ақ құқықтық шектеудің міндеттілік шегін анықтаудың айрықша маңызы бар дейміз. Бұл «өзіндік мәні» және «қажеттілік» категорияларының арасындағы қарама-қайшылықты дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Тәрбие, тәрбие деп қанша көксеп айтқанмен, бізге одан мәнді болмайды. Жауаптылықтардың ара-жігін ашып-айырып, ғылыми негіздеп, заңдық қалыпқа түсірген жөн. Қызметтегі ізгілігіміз бекем болсын, тек дейік те.

¹ Горский Г. Ф., Кокарев Л. Д., Котов Д. П. Судебная этика. — Воронеж, 1973.

² Көрсетілген жұмыс.

³ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы «28» мамыр № 248 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызмет этикасы ережелері» // www.online.zakon.kz

РЕЗЮМЕ

Автор поднимает вопрос о моральной ответственности сотрудников органов внутренних дел, предлагает критерии разграничения в законодательстве о правоохранительной службе моральной и ответственности сотрудников от правовой.

RESUME

The author raises the question of the moral responsibility of law enforcement officers. The proposed criteria for restrictions the moral from the legal responsibility employees in the legislation on the law enforcement service.

Смольникова О. Н., преподаватель цикла специальных дисциплин Учебного центра МВД Республики Казахстан, майор полиции (г. Темиртау)

ВЫЯВЛЕНИЕ СОТРУДНИКАМИ ДОРОЖНО-ПАТРУЛЬНОЙ ПОЛИЦИИ НЕЗАКОННОГО ОБРАЩЕНИЯ С НАРКОТИЧЕСКИМИ СРЕДСТВАМИ, ПСИХОТРОПНЫМИ ВЕЩЕСТВАМИ, ИХ АНАЛОГАМИ, ПРЕКУРСОРАМИ В СВЕТЕ НОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы выявления сотрудниками ДПП незаконного обращения с наркотическими средствами, психотропными веществами, их аналогами, прекурсорами в свете нового законодательства Республики Казахстан.

Ключевые слова: наркотические средства, психотропные вещества, прекурсоры.

Принятие новой редакции Уголовного кодекса Республики Казахстан не могло не повлиять на содержание Кодекса об административных правонарушениях, поскольку введен такой новый вид противоправного деяния, как «уголовный проступок», ставший промежуточным звеном между административным правонарушением и преступлением. Сорок пять составов административных правонарушений полностью и тринадцать составов частично переведены из разряда административных в уголовные правонарушения¹.

Так, ст. 320 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях «Незаконное обращение с наркотическими средствами, психотропными веществами и прекурсорами без цели их сбыта» перенесена в Уголовный кодекс. Часть 2 ст. 296 предусматривает ответственность за незаконное изготовление, переработку, приобретение, хранение, перевозку без цели сбыта наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов, прекурсоров. Аналогично в ч. 1 ст. 296 нового Уголовного кодекса перенесена ст. 336-2 КРК об АП «Немедицинское потребление наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров в общественных местах».

После вступления в законную силу нового законодательства возникли отдельные проблемные вопросы, касающиеся тактики осуществления деятельности по борьбе с наркобизнесом сотрудниками дорожно-патрульной полиции (далее — ДПП), которые автор хотел бы рассмотреть в настоящей статье.

Сотрудники ДПП при осуществлении деятельности по охране общественного порядка и общественной безопасности, осуществляя патрулирование на своих маршрутах, выявляют лиц, употребляющих наркотические средства в общественных местах. Данное уголовное правонарушение предусмотрено ч. 1 ст. 296 УК РК «Немедицинское потребление наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов, прекурсоров в общественных местах».

Рассмотрим действия сотрудников ДПП. Согласно приказу № 89 Генерального Прокурора Республики Казахстан от 19 сентября 2014 г.² они обязаны немедленно сообщить о выявлении данного факта дежурному ОВД, который должен зарегистрировать информацию в Книге учета информации (далее — КУИ), направить на место происшествия следственную группу или участкового инспектора полиции для проведения проверки и при наличии поводов к началу досудебного расследования — данный факт в Едином реестре досудебного расследования.

Сотрудники ДПП, установившие факт употребления наркотиков, в рамках административного производства не имеют права направить данных лиц на медицинское освидетельствование на состояние наркотического опьянения, так как данная мера, указанная в ст. 785 КРК об АП, является мерой обеспечения производства по делу об административном правонарушении.

До принятия нового законодательства сотрудники ДПП имели право в рамках административного производства, согласно ст. 626 КРК об АП, провести личный досмотр и досмотр вещей, находящихся при физическом лице, так как немедицинское потребление наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров в общественных местах являлось админист-

ративным правонарушением. В ходе проведения личного досмотра у указанных лиц часто обнаруживали наркотические средства, психотропные вещества, их аналоги, прекурсоры, тем самым выявляли правонарушения по ст. 320 КРКобАП «Незаконное хранение без цели сбыта наркотических средств, психотропных веществ, прекурсоров». Задержание лиц по данной статье было довольно частой практикой.

Выявляя указанные правонарушения, сотрудники ДПС оказывали практическую помощь подразделениям по борьбе с наркобизнесом и активно участвовали в реализации Отраслевой программы борьбы с наркоманией и наркобизнесом в Республике Казахстан на 2012 – 2016 гг. Программа отвечает основным положениям Указа Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 г. № 922 «О Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2020 года», в котором борьба с наркобизнесом и наркоманией определена одной из приоритетных целей плана развития Республики Казахстан.

В настоящее время данное правонарушение переведено в разряд уголовных (ч. 2 ст. 296 УК РК «Незаконное хранение без цели сбыта наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов, прекурсоров»). В рамках административного производства провести личный досмотр лица, употребившего наркотическое средство, не представляется возможным. В части 3 ст. 758 нового КРК об АП сказано, что личный досмотр и досмотр вещей, находящихся при физическом лице, может проводиться только после возбуждения производства по административному делу. В данном случае оснований для административного производства не имеется, так как речь идет об уголовном правонарушении.

В указанной ситуации сотрудники дорожно-патрульной полиции, выявившие лиц, употребляющих наркотические средства в общественных местах, должны сообщить об этом дежурному, вызвать следственную группу и в рамках уголовного производства лицо, производящее досудебное расследование, вправе произвести личный обыск в порядке ст. 255 УПК РК.

Но на этом этапе возникает много противоречий. Следственной группе надлежит прибыть на место происшествия, где все процессуальные действия должны производить только лица, осуществляющие досудебное расследование. Вместо следственной группы может быть направлен дежурный участковый. Однако выезд следственной группы по каждому факту выявления лиц, употребляющих наркотические средства в общественных местах, является нецелесообразным, так как группа в этот момент может находиться на обслуживании другого вызова, например, тяжкого преступления, где необходимо достаточное время для оформления процессуальных документов. Вместе с тем, действующее законодательство требует как можно быстрее прибыть на место происшествия и произвести необходимые процессуальные действия. Но в любом случае следственная группа или участковый инспектор могут прибыть на место происшествия по истечении 10-20 минут³.

Сотрудники ДПП все это время должны осуществлять охрану места происшествия и следить за лицом, употребившим наркотические средства. За это время многое может повлиять на внимательность полицейских. Например, их могут отвлечь граждане, обратившиеся к ним, кому-либо из граждан может потребоваться помощь и т.д. Охраняемые лица могут использовать это, чтобы избавиться от наркотических средств, находящихся при них. Не говоря уже о том, что в суде защита может утверждать, что за указанный промежуток времени сотрудники полиции подбросили наркотики и т.д.

Правоприменительная судебная практика показывает, что уголовные дела, связанные с незаконным хранением наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов и прекурсоров, должны производиться с особой тщательностью, и понятые должны присутствовать с момента фактического задержания.

Но процессуальное действие — личный обыск — будет проводить лицо, осуществляющее досудебное расследование по мотивированному постановлению, соответственно, понятые будут приглашены им уже по истечении определенного времени, затраченного на путь следования к месту происшествия. Если сотрудники ДПП будут заниматься привлечением поня-

тых для участия в личном обыске, то они не смогут должным образом осуществлять основные функции по охране места происшествия и задержанного ими лица.

При приглашении понятых необходимо соблюсти требования ст. 255 УПК РК, в которой сказано, что личный обыск может быть произведен по мотивированному постановлению лица, осуществляющего досудебное расследование, и только с участием двух понятых одного пола с обыскиваемым лицом. Кроме того, согласно ст. 90 УПК РК, понятой не может участвовать в досудебном расследовании будучи лично или по службе зависимым от органа, ведущего уголовный процесс, понятым не может быть сотрудник правоохранительных органов, судов, учащиеся специальных юридических учебных заведений, осужденные, находящиеся под пробационным контролем, и лица, привлекаемые к уголовной ответственности по другим уголовным делам, а также по другим основаниям, предусмотренным в чч. 2, 3, 4 ст. 87 УПК РК⁴.

Таким образом, на первоначальном этапе досудебного производства по рассматриваемой категории уголовных правонарушений возникает проблема проведения первоначальных следственных действий.

Сложившаяся ситуация повлияла на раскрываемость уголовных правонарушений, предусмотренных ч. ч. 2, 3, 4 ст. 296 УК РК. Согласно статистическим данным по г. Темиртау, за первое полугодие 2014 г. к административной ответственности по ст. 320 КРК об АП было привлечено 56 чел. За первое полугодие 2015 г. по ч. 2, 3, 4 ст. 296 УК РК направлено в суд 21 уголовное дело⁵. Приведенные данные наглядно свидетельствуют о снижении привлечения к ответственности по данной категории правонарушений.

В настоящее время выявление сотрудниками ДПП данной категории правонарушений стало нецелесообразным, потому что их действия в рамках выявления являются незаконными и доказательственного значения не имеют. Чтобы провести качественное выявление данных уголовных правонарушений, участковые инспекторы полиции должны совместно с сотрудниками ДПП осуществлять патрулирование или проводить совместные профилактические мероприятия. При обнаружении лиц, употребляющих наркотические средства, необходимо немедленно принять меры к привлечению двух понятых и только после этого производить задержание данных лиц и последующие действия в рамках Уголовно-процессуального Кодекса РК.

Данная проблема стала возможной в связи с принятием нового законодательства, ограничившего полномочия сотрудников ДПП по привлечению к ответственности правонарушителей, хотя первоначально предполагалось, что их полномочия будут расширены. Эту проблему частично можно решить при внедрении видеожетонов для сотрудников ДПП. В этом случае съемка пресечения правонарушения будет осуществляться с первых минут задержания правонарушителей⁶.

¹ Курманбаев Б. О новом Кодексе Республики Казахстан об административных правонарушениях <http://pravo.zakon.kz>

² Книга учета информации (КУИ) — автоматизированная база данных, в которую вносится любая информация об уголовном правонарушении, включая поводы к началу досудебного расследования, перечисленные в ч. 1 ст. 180 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан от 4 июля 2014 г.

³ Приказ МВД Республики Казахстан № 311 от 28 июня 2011 г. «Об утверждении Инструкции о едином порядке реагирования дежурных следственно-оперативных групп органов внутренних дел на сообщения и заявления о преступлениях и происшествиях». // [mvd.gov.kz / portal / page](http://mvd.gov.kz/portal/page)

⁴ Бачурин С. Н. Отдельные вопросы участия понятых в современном уголовном и административном процессе Республики Казахстан (сравнительный анализ) // Мир закона. — 2015. — № 5.

⁵ Статистические данные из отчета ОБН г. Темиртау за 2014 и 2015 гг.

⁶ Бачурин С. Н. Указ. раб.

ТҮЙІН

Мақалада Қазақстан Республикасының жаңа заңнама аясында заңсыз есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың ЖПП-ның өңдеу қызметкерлерінің анықтау мәселелері қарастырылады.

RESUME

The article deals with the identification of members of the DPP's handling of illegal narcotic drugs, psychotropic substances, their analogues and precursors in the light of the new legislation of the Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 343.35

Т. Н. Сүлейменов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмысты алдын-ала тергеу кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

